

*А.Ә. Қабыл *¹, Н.О. Оразхан ²*

*¹Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының аға оқытушысы
Шымкент қ., Қазақстан
E-mail:Algabek-kabil@mail.ru*

*²Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
Түркістан қ., Қазақстан*

20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУАКӨШУ: ӨЗБЕКСТАН БАҒЫТЫ

Аңдатпа

Мақалада 1920-1930 жылдары Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізген ауылшаруашылық реформа-ларын іске асырудан туындаған саяси қуғын-сүргінге наразылық ретінде туған жерін тастап, мәжбүрлік-пен көршілес республикаларға ауакөшкен тұрғындардың тарихы жүйеленді. Ауакөшу Қазақстанның барлық аймағын қамтыған. Соның ішінде осы кезге дейін тарихи зерттеу нысанына айнала қоймаған оңтүстік өңірдегі тұрғындардың Өзбекстанға ауа көшуі және олардың тұрғылықты жерлеріне қайта оралу тарихы архив құжаттары негізінде ғылыми қалпына келтіріледі. Реформалар уақытындағы солақай сая-сатқа наразылық ретінде орын алған жаппай ауакөшуді тоқтата алмаған БК(б)П Қазақ өлкелік Комитеті, республика өкіметі мен үкіметі ауа көшкендерді қайтаруға байланысты ұйымдастыру, қаржылық және идеологиялық жұмыстарды қалай атқарғандығы баяндалады. Тақырыпқа қатысты тарихнамалық шолу жасалып, архив деректері айналымға ұсынылып, осы кезге дейінгі зерттеу еңбектерінде қалыптасқан тұжырымдар талданады. XX ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ халқының саяси қуғын-сүргін салдары-нан Өзбекстанға ауа көшудің себептері мен салдарлары ғылыми негізде талданып, осы мақсатқа сай ауакөшушілер мен реэмигранттардың болжамды санын анықтау мәселесіне, сонымен бірге сол кездегі орталық және жергілікті биліктің саяси, ұйымдастырушылық жұмыстарына баға беріледі. Өзбекстан ертеден Қазақстанға іргелес орналасқан мәдени-шаруашылық байланыстағы ел болғандықтан халықтың барған жерге бейімделіп өмір сүру мүмкіндігі мол болды. Ауакөшушілердің туған жерге қайта оралуы біршама ұйымдасқандық сипат алды.

Кілт сөздер: саяси қуғын-сүргін, Өзбекстанға ауа көшу, ашаршылық босқындары, реэмиграция.

*Kabyl A.A.*¹, Orazkhan N.O.²*

*¹Senior Lecturer South Kazakhstan medical academy
Shymkent, Kazakhstan
E-mail:Algabek-kabil@mail.ru*

*²Senior Lecture Khoja Akhmet Yassawi International kazakh-turk ishuniversity
Turkestan, Kazakhstan*

MIGRATION 20-30 YEARS: UZBEKISTAN DIRECTION

Abstract

The article describes the history of the migrated population, who left their native places in the 1920s and 1930s in protest against political repression caused by the implementation of agricultural reforms by the Soviet government in Kazakhstan. The migration covered all regions of Kazakhstan. The history of migration to Uzbekistan and the return to their homeland of residents of the southern regions has not yet been fully investigated and will be scientifically restored on the basis of archival documents. About how the Kazakh Regional Committee of the UCP(b), the authorities and the government of the republic carried out organizational, financial and ideological work related to the return of those who migrated, who could not stop the mass exorcism that occurred during the reforms in protest against such a policy. Within the framework of this topic, a historiographic review was compiled, archival data are presented in circulation and the conclusions formulated in the research work to date are analyzed. In the 20-30 years of the XX century, on a scientific basis, the causes and consequences of migration to Uzbekistan as a result of the political repression of the Kazakh people were analyzed, an assessment was made of the issue of determining the estimated number of

emigrants and re-emigrants, as well as the political, organizational activities of the central and local authorities of that time. Uzbekistan is a country of cultural and economic connection adjacent to Kazakhstan. The return of hikers to their place of birth acquired a rather organized character.

Keys words: political repression, migration to Uzbekistan, famine refugees, re-emigration.

*Кабыл А.А. *¹, Оразхан Н.О.²*

¹старший преподаватель Южно-Казахстанской медицинской академии

г. Шымкент, Казахстан

E-mail:Algabek-kabil@mail.ru

²старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясауи,

г. Туркестан, Казахстан

ОТКОЧЕВАНИЕ В 20-30-е ГОДЫ: УЗБЕКИСТАНСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

Аннотация

В статье описана история откочевавшего населения, покинувшего родные места в 1920-1930-е годы в знак протеста против политических репрессий, вызванных осуществлением Советской властью в Казахстане сельскохозяйственных реформ. Откочевка охватила все регионы Казахстана. История откочевки в Узбекистан и возвращения на родину жителей южных регионов до сих пор не до конца исследованы и будут научно восстановлены на основе архивных документов. О том, как Казахский краевой Комитет ВКП (б), власти и правительство республики провели организационную, финансовую и идеологическую работу, связанную с возвращением откочевавших, которые не смогли остановить массовую откочевку, произошедшее во время реформ в знак протеста против такой политики. В рамках данной темы составлен историографический обзор, представлены в обращение архивные данные и анализируются выводы, сформулированные в исследовательском труде до настоящего времени. В 20-30 годы XX века на научной основе анализируются причины и последствия откочевки в Узбекистан вследствие политических репрессий казахского народа, дается оценка вопроса определения предполагаемого количества откочевавших и реэмигрантов, а также политической, организационной деятельности центральных и местных властей того времени. Узбекистан является страной культурно-хозяйственной связи, прилегающей к Казахстану. Возвращение откочевников к месту рождения приобрело довольно организованный характер.

Ключевые слова: политические репрессии, откочевание в Узбекистан, беженцы голода, реэмиграция.

Кіріспе. Отан тарихының мазмұнында кеңестік тарихнамада «ақтандақ» болып келген тақырыптардың бірі – Қазақстанда өткен ғасырдың 20-30 жылдары іске асырылған кеңестік реформалардың тарихы. Бұл тақырыптың зерттелмеу себебі тоталитарлық биліктің реформалардың салдары ауыр әлеуметтік-экономикалық және ең бастысы демографиялық апатқа ұрындырғандығын бүркемелеуден туындаған идеологиялық тиым салуға байланысты болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлығы саяси қуғын-сүргін құбылысын зерттеуді мемлекеттік бағдарламаға ұластырды. Осы бағдарламада қамтылуы тиіс зерттеу бағыттарының бірі 1916-1930 жж. Мемлекеттің жазалаушылық әрекеттері мен биліктің саяси қуғын-сүргін кезіндегі түрлі зорлық-зомбылық, саяси науқандар мен аштық кезінде Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған қазақстандық босқындарды ақтау бойынша зерттеу, ұсыныстарды дайындау және енгізу болып белгіленген. Осы бағытқа сай Қазақстанның оңтүстігі мен батыс өңірлерінен көршілес Өзбекстанға ауа көшкендердің тарихы деректік негізде талдау-ды қажет етеді. Өйткені, ғасырлар бойы тарихи байланыстары үзілмеген өңірге ауакөшіп және ашаршылық кезіндегі босқыншылықта жан сауғалаған қазақтардың саны басқа аймақтармен салыстырғанда барынша көп болуы да мәселені жан-жақты ғылыми бағалауға мұқтаж. Шекаралас, этникалық тегі бір, тілі мен ділі туыс, тарихы мен мәдениеті ортақ мемлекеттер ретінде қазақ-өзбек тарихи байланыстарының тарихы қазіргі заманғы стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге көтеруге қызмет ететін болғандықтан да екі елдің арасындағы байланыстардың тарихын зерттеудің өзектілігі жоғары деп білеміз.

Зерттеу тақырыбының басты мақсаты 20-30 жылдардағы Өзбекстанға ауа көшудің себептері мен салдарларын айқындап, партия, кеңес органдарының ауакөшушілермен жұмыс және оларды елге қайтару, орналастыру мәселелерін қалай шеше алғандығын деректік негізде ғылыми қалпына келтіру.

Осы мақсат-қа сай ауакөшушілер мен реэмигранттардың болжамды санын анықтап, орталық және жергілікті биліктің саяси, ұйымдастырушылық жұмыстарына баға берілетін болады.

Материалдар мен әдістер: Зерттеу тақырыбының деректік негізі архив құжаттары болғандықтан да археографиялық тәсілге жүгінеміз. Отандық және шетелдік архив құжаттарымен жұмыс жүргізілгендіктен дежаңа деректерді ғылыми айналымға ұсынғанда оларға текстологиялық талдау жасалды. Сонымен бірге тарихнамалық шолуда отандық және шетелдік зерттеушілердің қолданған методологиялық ұста-нымдары мен жасаған қорытындылары тарихи-салыстырмалы талдау тәсілдерінің мүмкіндіктері қолданылды.

Зерттеудің деректік негізін Қазақстан Республикасы мемлекеттік архивы, Қазақстан Республикасы Президент архивы, Түркістан облыстық мемлекеттік архивы, Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарих архивы және Ресей Федерациясы мемлекеттік архивының қорлары құрайды.

Талқылау. XX ғ. 20-30 жылдардағы отан тарихының “ақтаңдар” тақырыптары бойынша тәуелсіздік жылдары көптеген зерттеулер жүргізілді. Сол зерттеулердің арасында ауылшаруашылық реформаларын іске асырудың саяси қуғын-сүргіндік себептерімен туған жерін тастап, көрші республикалар мен шетел-дерге ауа көшу және ашаршылық босқыншылығы жайлы жүргізілген зерттеулерге ғана арнайы талдау жасалды. Отан тарихының өзекті мәселелерінің бірі ретінде осы тақырыпты алғаш рет зерттеу нысанына айналдырған тарихшы ғалымдардың арасында М.Қ. Қозыбаевтың [1], М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Әбілғожин және Қ.С. Алдажұмановтардың [2] зерттеулері кейінгі буын тарихшылардың ізденістеріне жол ашып, бағыт-бағдар қалыптастырды. Тақырып бойынша іргелі зерттеулер жүргізген Т.Омарбековтің [3, 4, 5] еңбектеріне арнайы тоқталуға болады. Тарихшы ауакөшу құбылысын Қазақстанда орын алған көтеріліс-тердің басты салдарларының бірі ретінде қарастырады. Отандық архивтердің қорларымен жұмыс жасаған зерттеушінің ауа көшу үдерісін 20-30 жылдардағы реформалардың себеп-салдарлы байланыстарының кешенінде қарастыруытақырыпқа қатысты тың тұжырымдар жасауына негіз болған. Тақырыпты тарихи-демография тұрғысында қарастырған М.Тәтімөвтің [4, 6] статистикалық талдауларға негізделген іргелі зерттеулері ауакөшушілердің болжамды санын анықтауға мүмкіндік берген. Тақырыпқа қатысты соңғы зерттеулердің арасында Б.Қалшабаеваның [5,7] мақаласы Өзбекстан бағытындағы миграциялық процес-тердің саяси-әлеуметтік факторларын талдауымен құнды.Тәуелсіздік кезеңде ауакөшушілер тарихы бойынша бірқатар диссертациялық деңгейде зерттеулер жүргізілгендігін атап айтуға болады. Дегенмен, тақырып тарихнамасына жасалған шолу Өзбекстанға ауакөшушілердің тарихы барынша аз қарастырыл-ғандығын көрсетеді. Тақырыпқа қатысты шетелдік зерттеушілер арасында Р. Дэвис, С.Уиткрофт [6,8], Сара Камеронның [7,9], Д.Верхотуровтың [10] еңбегіне арнайы тоқталамыз.Мақаламызды осы жете зерттелмеген тақырыпқа арнауымыз зерттеудің жаңалығын айқындайды және жаңа тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақтың туған жерінен өзге елдерге ауа көшіп, босқын-шылыққа ұшырауы әлі терең зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі. Кеңестік биліктің солақай саясаты салдарынан қиын-қыстау уақыттарда ұлтымыз сырт жұрттан пана іздеп, дүрбелеңге түсті, аман қалуы үшін ежелден мекен болып, кіндік қаны тамған орындарынан амалсыздан қозғалуға мәжбүр болды. Бұл ақтаңдақтақырып халқымыздың басынан өткен сол кездегі зұлматты тарихын деректі мәліметтер негізде ғылыми тұрғыдансаралауды қажет етеді. Өмірлік күнкөрістері мен ерте заманнан дәстүрлі шаруашылықтарына айналған жеткілікті мал басына ие қазақ қауымытәркілеуге, қуғын-сүргінге, апатты жағдайға тап болғанда амалсызданіргелес аймақтарға, сондай-ақ КСРО аумағынан шет жерлерге босып кетті. Олардың жүріп өткен жолдарын, көрген қиыншылықтары мен тіршілік үшін күрестерін кейінгі ұрпаққа шынайы тұрғыдан жеткізу, сабақ алу тарих тағлымы болмақ. Ауакөшу – көшпелілердің дәстүрлі қоғамда жан сақтау мен ел сақтауда ежелден қолданған тәсілі. Еліміз қынадай қырған ауру мен індеттен қоныс аударып құтылған. Жайсыз билеушіден, зәбір берген рубасыдан да ауыл-аймағы, бота-тайлағымен ауакөшіп бас сауғалаған. Сүттей ұйыған дәстүрлі қоғамның тұрмыс-салты мен рухын шыңдаған тарихы мен мәдениетіне кеңестік биліктің жасаған зорлығына халықтың қарсылығы осы тарихи үдеріске алып келді.

1925 жылы Қазақ Өлкелік партия комитетіндегі биліктің ауысуымен байланысты туындаған «Кіші Қазан» идеясы, тарихта қасіретті ізді қалдырған ұжымдастырудың әкімшілік-террорлық сипаттағы сал-дары, ірі байлардың мал-мүліктерін тәркілеу туралы декрет, оларды жер аудару, ет және астық дайын-даудағы асыра сілтеушілік сияқты солақай саясаттың нәтижелері ертеден өмір сүріп отырған жергілікті ұлттың амалсыздан ауа көшу мәжбүрлігіне алып келді.

Зерттеуімізде тақырыпты үш бағытқа топтастырып қарастырдық. Бірінші бағыт – ауакөшудің себеп-салдары мен болжамды санын анықтауға арналды. Ауакөшу елдің демографиялық жағдайына кері әсер етіп үлкен шығын әкелді. Кейінгі жылдардағы есептеулерге қарап қазақтардың көрші

аймақтарға көптеп қоныс аударуының айғақты дәлелін көруге болады. Қазақстанға көршілес республикаларда өмір сүретін қазақ халқының саны бойынша санақаралық кезеңдегі артық көрсеткіш 453 мың адамды құраған. Нақты айтқанда 1926 жылғы санақ бойынша көршілес республикаларда 314 мың қазақ ұлты тұрса, 1939 жылғы санақ бойынша 794 мың болды [1, 254]. Яғни арадағы он жылдан аса мерзімде сырттағы қазақтар саны 2,5 есеге өседі.

Қазақ халқының ата-бабадан мұра болып келе жатқан туып-өскен мекенінен өзге жерлерге үдере көшудің себеп-салдарларды ашып көрсету тарих шындығын ғылыми-зерттеу тұрғысында көпшілікке, әсіресе келешек жас буын өкілдеріне зерделік түйсіну үшін аса маңызды болып табылады.

1937 және 1939 жылдардағы халық санағы 1926 жылғы халық санағының қорытындыларымен салыстырғанда Қазақстандағы мынадай демографиялық өзгерістерді көрсетеді (мың адам)[8, 416]:

№ 1 кесте. Жылдар бойынша жалпы халық және қазақтар санының көрсеткіші.

	Жалпы халық	Қазақтар	Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақтар	КСРО-дағы қазақтардың жалпы саны
Желтоқсан 1926	6 079	3 465	503	3 968
Қаңтар 1937	5 120	2 182	680	2 862
Қаңтар 1939	6 151	3 101	741	3 842

Дегенмен Т.Омарбеков «Ашаршылық» кітабында жоғарыдағы Бүкілодақтық санақта берілген цифрлық көрсеткіштердің шындыққа сәйкес келмейтінін, бұл санақтарда қазақтардың саны бұрмаланып көрсетілгенін жеткізеді. Мұны дәлелдеу үшін 1897 жылғы халық санағына жүгінгенде бұл кезде қазақтардың саны – 3,5 млн адамды құраған. Егер 1921-1922 жылғы Ашаршылықта қазақтардың 30 пайызы қырылғанның өзінде де 1926 жылғы халық санағының қазақтардың санын толық қамтымағаны байқала-ды. 1916 жылғы патша үкіметінің еспке алу санағынан қаймыққан қазақтар 1926 санақтан жасырынып қалуға тырысқан. Сондықтан ғалым аталмыш Бүкілодақтық санақ мәліметтері мұрағат қойнауындағы әртүрлі мекемелердің ресми мәліметтерін талдауда қосымша, жалпылама және жанама деректер ретінде ғана пайдалануға болатынын баяндады. 1928 жылы қазақтардың барлық қожалықтарының саны – 826 мың (яғни 4 млн. 836 мың адам) екен. Бұлардың 120 мың қожалығы отырықшы болса, 700 мыңнан астамы көшпелі және жартылай көшпелі болды. Қазақ халқының саны 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу науқанынан кейін қысқара бастайды [3, 15].

Аталған кезеңдерде іргелес жақын орналасқан, бұрыннан барыс-келіс жасалып жүрген әрі қуғын-сүргіннің мұндай басымдық түрде белең ала қоймаған мемлекет болғандықтан халық оңтүстік аймақтан Өзбекстанға ауа көшкен. Қазақтардың бұл жерге босып көшуі 1921-1923 жылдары болған ашаршылық тұсында да болған еді.

Ұжымдастырудың алғашқы кезеңіндегі Қазақстаннан ауа көшуде шаруа қожалықтарының иелігінде белгілі бір мөлшерде малдарының, күш-көліктерінің болуы олардың барған жерлерінде өздігінше шаруа-шылық жүргізуіне жүргізуге мүмкіндік берді.

Адамдардың 1928 жылдан бастап шаруашылықтары, мал-мүліктерімен ауа көшудің мұндай әрекет-тері келесі жылдардан, атап айтқанда 1930 жылдың көктемінен бастап республиканың шығыс және оңтүстік аудандарында да көбейе бастайды. Мысалы 1930 жылы 14 мамырда ҚАКСР ХКК-не Самарқандтан «Алынған мәліметтер бойынша Өзбекстанның Кенимех ауданына біздің рұқсатымыздан басқа келе беру жалғасып, тіркеуді, нан, азық-түлікпен қамтамасыз етуді талап еткен Қызылорда округынан сіздердің 1000-нан асашаруа қожалықтары қоныстанды. Осыны хабарлай отырып, аталған мәселені Кенимехте, өз орнында біздің өкілмен бірлесіп ретке келтіру үшін дереу ҚАКСР ХКК өкілін жіберуді өтінеміз» деген мазмұндағы жеделхаты келіп түседі [11]. 1931 жылдың 9 тамызында республика Өлкелік партия комитетіне Қазақстанның Қаржы халық комиссариатының жолдаған мәліметіне қарағанда 1930 жылы және 1931 жылдың 5 тамызына дейін Қазақстанның тек 27 ауданынан ғана (қалған 47 ауданның мәліметтері есептелмеген) Орта Азиядағы көрші республикаларға, оның ішінде Өзбекстанға 3436 қожалық 187 909 малымен өтіп кеткен. Бұл мәліметтер әрине толық емес [12].

Көрші орналасқан мемлекеттерде 1926-1939 жж. санақтар аралығындағы кезеңде ауа көшушілер есебінен қазақтар саны – РКФСР-де – 2,3 есе, Өзбекстанда – 1,7 есе, Қарақалпақияда – 2,5 есе, Түркіменияда – 6 есе, Тәжікстанда – 7 есеге, ал Қырғыз Республикасында – 10 есеге дейін өскен. Осы уақытта көрші республикаларда тұратындардың пайызға шаққандағы көрсеткіші 8-ден 26-ға дейін жоғарылайды. Ауа көшудің салдарынан шекарадан тыс жердегі қазақтар саны екі есеге көбейген [13].

Жоғарыда көріп отырғанымыздай ауа көшулерге байланысты Өзбекстанда қазақтар саны 1,7 есеге артты. 1933-1934 жылдары қазақ жұртшылығының біразы босқыншылықпен Өзбекстаннан Қарақалпақ АКСР-нің жеріне де өтіп жатты.

Ауакөшушілердің тарихын қатысты деректерді талдағанда шынайы дәйектердің өңін айналдарып, оған басқа мән беруге тырысқан тұжырымдар да кездеседі. Айталық, ресейлік саясаттанушы Д.Верхотуров «Ауакөшушілер жергілікті тұрғындарды тонап, олардың малдарын өздерімен бірге ала кетті, ауданды аштыққа ұрындырды» [10,144] деген дәлелсіз тұжырым жасайды. Сонымен бірге, қазақ жеріндегі ашаршылықтың басты факторларының бірі ретінде осы ауакөшушілерді атайды. Демек, ауакөшу тарихын ғылыми қалпына келтіруге де ұлттық мүддемен қараудың қажеттігі туындайды. Ал шовинистік көзқараспен ауакөшушілерді «өз отанын қиын сәтте тағдырдың тәлкегіне тастап кеткендер» деген сыңаржақ бағадан арашалай алмаймыз.

Мәселенің екінші қыры шет жерлерге қоныстанғандардың орналасуы мен жергілікті жағдайға бейім-делуіне арналады. 1932 жылдағы аштық зобалаңынан бас сауғалап барғандардың күйі өте нашар болды. Қазақстан босқындарының Өзбекстан жеріне аууындағы бір ерекшелік олардың негізінен қалаларға көптеп шоғырланып, баспанасыз, көшеде өмір сүруі еді. Бұлар негізінен мал-жаннан жұрдай болған, аштық апатының нақ аузында тұрған бейшара жандар болатын. Бірінші кездері Өзбек КСР-нің үкіметі қазақ жұртының келуін уақытша құбылыс деп қарастырып, оларға азық-түлік өнімдерімен көмек көрсетуді шектеген еді. Жағдай адам төзгісіз ауырлап кеткендіктен Өзбекстан үкіметі 1933 жылы қаңтарда шұғыл шаралар қолдануға мәжбүр болып, Өзбек Қызыл жартыай қоғамына 515 мың сом ақша бөліп, баспанасыз босқындарды тамақтандыру орындарын көптеп ашуды тапсырды.

Қысқа мерзімде Өзбекстанның қазақтары босып жүрген Әндіжан, Маргелан, Хаваст, Самарқанд-Икрамов, Қаттақорған, Ново-Бухарский, Янги-Юль аудандарында және Ташкент қаласында 22 тамақтан-дыру орындары ашылды. Олар нанмен және басқа да азық-түлікпен үздіксіз қамтамасыз етілді. Бұл орындар талай адамдарды өлім аузынан аман алып қалды [12, 147].

Өзбек үкіметі аштарды тамақтандырумен шектеліп қана қойған жоқ. Босқындар ішінен еңбекке жарамды 6.050 адам совхоздар мен колхоздарға, қоғамдық жұмыстарға жөнелтілді. Ал Қазақстанға 2.683 адам қайтарылды, сондай-ақ ауруханаларға 547 адам, балалар үйлеріне 8.975 бала (олардың ішінде Т.Омарбековтің жазуында қазақтар 3.095 – авт.) орналастырылды. Оқшаулайтын үйде аштықтан және аурудан әбден әлсіреген, күш-қуаттары тусылған 346 адам жан тапсырды. Жалпы, босқындарды аман алып қалуға 340 мың сом қаражат жұмсалған [12,148].

Өзбекстандағы қазақтардың қалыптасуындағы саяси әлеуметтік факторлардың бірі болған осы ұжымдастыру, ашаршылық және саяси қуғын-сүргінде мәселен, Шыршық қаласы мен Бостандық ауданындағы, Ангрэн, Ахангаран аумағын мекендеген орта жүз қазақтары (бүгінде олардың негізгі бөлігі тарихи Отанға оралған) 1931-1933 жж. ашаршылық жылдары келгендігін айтады. Ашаршылықтан аман қалуды ойлаған олар Өзбекстанға келген. Олар сонау Қоқан, Марғұлан қалалары мен Ташкент аралы-ғында кірекештілікпен (1-2 түйемен жүк тасу) айналысып, күн көргендігін айтады. Бұл жылдары келген қазақтар жергілікті халықтан бөлек қоныстанды [7, 96].

1933 жылы Өзбекстанға аштық салдарынан босып барған қазақтардың тағдыры туралы Ермұхамедовтің орталыққа жолдаған хаттарында осынадай мәлімет бар: «Аштықтан босқан 500 отбасы Өзбекстанның Камир қаласына көшіп келді... Қазақтарға базардан азық-түлік сатып алуға тыйым салынды... Мұндай әрекетке шыдамаған қазақтар ауылдан-ауылға көшіп жүреді. Ауылда да қазақтарға жұмыс табылмайды... Сондықтан біз, Қазақстанның жұмысшылары, Өзбекстандағы қазақстандықтарды ажалдан құтқару үшін қонысқа жер беруді және ашыққандарға тиісті көмек көрсетуді, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруды сұраймыз». Мұндай мазмұндағы хаттар Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің төрағасына да жолданған.

Ашыққан қазақтар аман қалуды ойлап, іліп алар дүние-мүлкін сатты. Қазақстанды тастап, Қатта-Қорған, Кітап, Жылыбұлақ, Қызылтөбе, Каршы, Сталинабад, тіпті Шығыс Ауғанстан шекарасына дейін басты. Олар 4-5 ірі қарасын асырайтын жер тапшай, бір жерден екінші жерге көшіп жүрді. Көпшілігі тонауға ұшырап, ұрылдарға жем болды. Өзбекстанда орналасқан мыңдаған қазақ отбасының біразы сонда қайтыс болды. Ал қалғаны жұмыс таба алмай, қыстақтан-қыстаққа көшіп жүрді. Жол бойы қазақты тонамаған басмашы қалмады. Осындай қылмыстық істердің көрінісін толық бейнелеу мүмкін емес [14].

Мәселені зерттеудің үшінші қыры – ауакөшушілерді елге қайтарудың жайына арналады. Голошекин әлі билікте отырған кезіндегі 1932 жылдан бастап ауа көшушілерді қайтару мәселесі қолға алына бастады. БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті бюросының отырысында тиісті облыстық комитеттерге ауа көшкен аймақтарда сол аудандарға ауа көшушілерді шаруашылықтарға орналастыру мен көмек көрсету бойынша жүргізілген шараларды тексеру үшін жедел түрде арнайы уәкілдерді іс-

сапарға жіберу ұсынылды. Көрсетілген аудандардың аудандық комитет хатшылары мен Аудандық атқару комитетінің төрағаларына шаруа қожалықтарының ауданнан тыс жерлерге әрі қарай ауа көшуіне жеке жауапкершілік алатыны да ескертіледі [15,8-п.].

1933 жылы 21 қаңтарда Саяси бюро Голощекиннің отставкаға кету туралы «өтінішін қанағаттандырып», оны Л.И. Мирзоянмен ауыстырды [16, 9-п.]. Ал 25 қаңтарда осыған байланысты Қазақ Өлкелік комитетінің отырысында екі шешім қабылданды: Голощекинді босату туралы БКП(б)ОК-нің қаулысын назарға алып қабыл алу және Қазақ Өлкелік комитетінің бірінші хатшылығына Мирзоянды бекіту [17, 4-п.]. Билік басына, Қазақстанның партия ұйымына жауапты хатшы болып келген Левон Мирзоян Өлкелік партия комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесін ауа көшуші босқындарды елге қайтару және орналастыру істерін ұйымдастыруға күш салды. Осыған байланысты «Халық Комиссарлары Кеңесінің жанынан босқыншылыққа байланысты барлық мәселелермен айналысатын жеке секретариат құру» туралы шешім 1933 жылы 22 ақпанда БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитеті хатшылығының отырысында қабылданады [15,104-п.]. Аталған жылы 13 сәуір айында өткізілген Қазақ өлкелік партия комитетінің мәжілісі бойынша Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы отырықшыландыру мен босқындарды орналастыру бойынша құрылған комиссияларды облыстық атқару комитеттерінің жанынан ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдаған. Оның алдында өз жұмыстарын жалғастырып келе жатқан Өлкелік партия комитетінің жанынан құрылған отырықшыландыруға байланысты комиссия таратылады [15, 76-п.]. Осы 1933 жылы 28 қарашада Қазақ өлкелік БКП(б) комитеті бюросының Ауа көшушілерді қоныстандыру және шаруашылық орналастыру бойынша міндеттер туралы қаулысы қабылданған болатын. Қаулыда Еділден, Қарақалпақтан, Сібірден, сондай-ақ орта Азиядан елге оралғандардың легі көбейе түскендіктен, оларды қоныстандыру, орналастыру бүкіл партия ұйымдарының ең маңызды міндеті болып белгіленді.

Партия ұйымдары мен кеңес органдары 1933 жылы ауа көшушілерді қоныстандыру және шаруашылыққа орналастыру бойынша атқарылған ауқымды жұмыстардың нәтижесінде 50 мыңнан астам ауа көшушілер отбасы мақта, астық, сонымен бірге мал шаруашылығы аудандарына жіберіліп, колхоздарға, ТОЗ-ға (жерді өңдеу серіктестігі) қоныстандырылған. Бұл шаруашылықтардың көпшілігі көктемгі және жазғы ауыл шаруашылығы жұмыстарына қатысады. Көптеген ауа көшушілер ұйымдастырылған дербес ТОЗ-дарда, мемлекет, МТС және совхоздардың көмегімен өздерін егістікпен қамтамасыз етіп, егін жинау жұмыстарын жүргізеді. Ауылшаруашылық артельдер мен ТОЗ-дарға қоныстандырылған ауа көшуші-лердің шаруашылығы негізінен астықпен қамтамасыз етілген. Бұл ауа көшушілердің 70 пайызы мемлекеттің көмегімен мал алып, өздерін баспанамен қамтылған.

Мал шаруашылығын дамыту және малсыз шаруашылықтарға мал алу мақсаты үшін, бірінші кезекте ең алдымен бұрынғы ауа көшушілерді қамтамасыз ету үшін мемлекет пен партия совхоздардан, колхоз-дың тауарлық фермаларынан және басқа жерлерден сатып алынған 600 мыңға жуық мал басын бөліп, оның орасан зор бөлігі бұрынғы ауа көшушілердің пайдалануына беріліпті. Дегенмен, ауа көшуді жою және барлық ауа көшушілерді шаруашылық орналастыру міндеті мұнымен шектелмейді. Облыстар мен көптеген аудандарда ауа көшушілердің қоныстанбаған, орналаспаған отбасыларының әлі де болса айтар-лықтай саны бар, ауылшаруашылық артелдері мен ТОЗ-дар бойынша орналасқан олардың бір бөлігі түпкілікті бекітілмеген, шаруашылықтардың едәуір бөлігінде қысқы баспаналары жоқ, үйлерді жөндеуге үлгермеген және т.б. [18].

1934 жылдың көктемінде КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Қоныстандыру комитетіне ауа көшуші қазақтардың 5000 шаруа қожалықтарын ішкі-қазақстандық қоныстандыру ретімен орналас-тыруды, осы шараға қажетті қаражат пен қорды бөлуді ұсынған 1933 жылдың 9 желтоқсанындағы КСР Одағы Халық комиссарлар кеңесінің қаулысы ҚАКСР-ның Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақта егетін колхоздарды шаруашылық тұрғыдан нығайту мақсатында қабылданған болатын.

Қазақстан Халық комиссарлар Кеңесінің төрағасы О.Исаевтың 1933 жылы 5 желтоқсан күні В.М. Молотовқа жазған хатында соңғы бірнеше жылда жүзеге асырылған көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшыландыру қазақ ауылын социалистік қайта құрудағы маңызды шаралардың бірі екенін айта отырып, сол жылы негізінен ауа көшушілердің үлкен бөлігін орталық малшаруашылығы аудандарынан шаруа қожалығына орналастыру шарасы жүргізілгені жөнінде баяндайды. Ауа көшуді жойып, тоқтату және ауа көшушілерді шаруа қожалықтарына орналастыру қазақ ауылындағы кезекті шара екендігін негізге ала отырып, 47 мың ауа көшушілерді орналастыру 1933 жылға арналған және өткен жылдардағы отырықшыландыру шаралары бойынша қамтылған 15 мың шаруашылық қожалық-тарын қоныстандыру бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарланады. Ауа көшушілерді ауылдық шаруашы-лық жұмыстарына тарту негізгі міндет болып саналды [19].

Келесі 1934 жылдың 8 қаңтарында Мирзоян жергілікті басшылардың «асыра сілтеулері мен қателік-тері» туралы айтып «Ауа көшу, әрине, негізінен Орталық Қазақстандағы ұжымдастыру мен отырықшы-ландыру саласында біздің ұйымдардың жіберген ерекше шектен шығулар мен қателіктердің салдарлары» деп баяндады [20, 457]. VIII Қазақ өлкелік партия конференциясында «Өлкелік партиякомитетінің өткен жылдағы басты міндеттерінің және толғандырған мәселелерінің бірі ауа көшуді тоқтату және ауа көшу-шілерді шаруашылық орналастыру жұмыстарын кеңінен өрістетуге болып табылды» деген ол мұндағы хал-жағдайларды біле, таныса келе ауылдар және аудандардағы шаруаларға көмек көрсету шараларын жүзеге асыра бастады.

Әрине, ауа көшушілерді қоныстандыру және шаруашылыққа орналастыру бойынша атқарылған мұндай үлкен жұмыстардың бәрі керемет орындалды деп біржақты айтуға болмайды. Ауа көшуді әрі қарай болдырмау және ауа көшушілердің шаруашылығын қалыпқа келтіруде үлкен ықпалы болған бұл шаралардың кемшін тұстарына да назар аударылды. Босқындарды шаруашылық орналастыру ісінде әлі де көп кемшіліктер бар екендігі, ауа көшушілерді түпкілікті қоныстандыруға және шоғырландыруға бағытталған шараларды жан-жақты күшейтуі керектігі айта отырып, «Көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарға оралған халықтың көптігін ескермеуге болмайды, керісінше, олардың осы аймақтарға қоныс-тануына жан-жақты көмектесуіміз керек, ең алдымен малмен, нанмен және ең болмағанда тұтыну норма-сы шегінде егіс жұмыстарын ұйымдастырумен көмектесуіміз керек» деген Л.Мирзоянбарлық нашар орналастырылған шаруашылықтарды және әсіресе күтілетін оралушыларды толық орналастыру қажеттігі туралы айқын және нақты міндет қойылғандығын баяндайды [21, 1-п.].

Ауа көшуші-оралушыларды орналастыру туралы БК/б/ПІ Оңтүстік Қазақстан обкомы бюросының хаттамалары және 1933 ж. бюро хаттамаларының көшірмесінде Обком ауа көшуші-оралушыларды орналастыру бойынша аудандық партиялық және кеңестік ұйымдардың жұмысын қанағаттанарлықсыз деп санайтыны жазылған. Көптеген аудандық, партиялық және кеңестік ұйымдар бұл жұмысқа тіптен кіріспе-гені, көпшілігі жарты жолда тоқтаған – тамақтануды ұйымдастырған, осымен шектелген; қайта көшіп келушілерді колхоздарға, кәсіпорындарға, артельдер мен ЖЭС-терге (Жерді бірлесіп өңдеу бойынша серіктестік) ұйымдастыру ісінде нақты басталмағаны, сонымен бірге облыстық кеңестік және шаруа-шылық ұйымдары (Облснаб, ОблОНО, Трактороцентр, Облпотребсоюз және Тресттер) қайта көшіп келу-шілерді орналастыру ісінде аудандарға көмек көрсетпеген. Обком бұл істі негізгі жұмыстардың бірі ретінде барлық облыстық және аудандық ұйымдарға ауа көшушілерді орналастыру бойынша жұмысқа бірден қосуды міндеттейді, Обком аудандық және облыстық ұйымдарға ол ұйымның жұмысын тек тіке-лей жұмыс көрсеткіштерінің орындалуымен ғана емес, сонымен бірге қоныс аударғандарды орналастыруға қатысу бойынша да бағалайтынын ескертеді [22, 43-п.].

Өлкелік комитет ауа көшушілерді орналастыру бойынша орасан зор және оңды жұмыстармен қатар, бірқатар партия және кеңес ұйымдары осындағы және қайта оралған ауа көшушілерді игере алмағанын, яғни, оларды қоныстандыру мен шаруашылық орналасуын дер кезінде қамтамасыз етпегенін де атап өтеді. Көптеген партиялық және кеңестік органдар ауа көшушілерді шаруашылық жұмыстарына (егін жинау, мақта дайындау, балық аулау, жаңа құрылыстар, совхоздар және т.б.) қосу жолындағы жүйелі кү-респен бірге тек азық-түлік көмегіне сүйеніп, еңбекке жарамды, бірақ әлі реттеліп орналаспаған ауа көшу-шілерді әртүрлі шаруашылық жұмыстарына пайдалануға байланысты нақты шараларды қабылдамайды.

Аудандық, ауылдық кеңес және партия ұйымдары, көптеген МТС және облыстық ұйымдар ауа көшу-шілерді орналастыру және бекіту, оларды баспанамен қамтамасыз ету, мал алу және т.б. бойыншатұрақты түрде қамқорлық танытпайды. Облыстық және аудандық партия және кеңес ұйымдары ауа көшушілерді суару және құрылыс жұмыстарына кеңінен тарту, ауа көшушілерден балық аулау және аңшылық артел-дерін, сондай-ақ халық тұтынатын тауарларды өндіруге арналған қолөнер кәсіпорындарын ұйымдастыру үшін азық-түлік көмегін пайдаланбаған. Осының негізінде Өлкелік партия комитеті Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы ауа көшушілерді орналастыру жөніндегі комиссияның облыстық атқару комитеттерімен бірлесіп, қысқа мерзімде мақта, балық және астықты аудандардағы пункттер мен орындарға қайта оралған ауа көшушілерді орналастырып қайда жіберу керектігін белгілеу, аудандық атқару комитеттері мен өлкелік комитеттер МТС-тің саяси бөлімдерімен бірлесе отырып, аудан шегінде қоныстандырылатын ауа көшушілердің санын қысқа мерзімде анықтау мәселелері бойынша қаулы қабылдайды.

Жаңадан ұйымдастырылған ТОЗ саны мен олардың орындарын көрсете отырып, ауа көшушілерді орналастыру және қоныстандыру жоспарын екі апта мерзімде облыстық атқару комитеттеріне ұсыну мін-деті де қойылады. Партияның аудандық комитеттері мен атқару комитеттері ауа көшуді жақын кезеңдегі уақытта тоқтату тиістігін, ал барлық ауа көшушілерді колхоз өндірісіндегі белсенді

жұмысшыларға айналатын ауылшаруашылық және басқа да жұмыстарға қосу үшін мемлекеттің азық-түлікпен берілуіндегі көмегін айқын түсіне білу керек екендігін нақтылайды. Сонымен бірге облыстық және аудандық ұйым-дардың алдына қысқы кезеңде мемлекеттік азық-түлік көмегін алатын ауа көшушілерді оңтүстік облыста - суару желісін ретке келтіру, бас құрылыстарды, магистральдық каналдарды, сондай-ақ шағын желіні (арықтарды тазалау, тереңдету және т.б.) жақсарту сияқты жұмыстарға пайдалану міндеті қойылады [18, 51].

Сондықтан да бірінші кезекте ауа көшушілерді күшейтілген колхоздарға, артельдерге және ТОЗ-дарға жұмыс қолының болуын есептей отырып бөліп орналастыру, өнеркәсіп мекемелері мен совхоздардың басшыларын қара жұмыс күшіне қажеттілік кезінде ауа көшуші-оралушыларды қабылдауда басымдық беруді, сондай-ақ Ауком және Саяси бөлім жетекшілеріне колхоздардағы кең таралған көпшілік жұмыс-тар арқылы колхоздар Басқармасы мен колхозшылар жағынан көшіп келушілерге ұқыпты және қамқор-лық қатынас орнатуды міндеттеуге мән беріледі [22,112-п.]. 1933 жылдың 24 ақпанындағы ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесі қаулысында теміржол станцияларында жиналған ауа көшуші қазақтарға азық-түлігіндегі медициналық көмек көрсету және темір жол станцияна түсіру туралы тыңдалым болады.

Қабылданған шешімде Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеттердің, сондай-ақ аудандық атқару комитеттер тарапынан темір жол стацияларында жиналған ауа көшуші қазақтарға көмектің жоқтығы ескеріледі. Осы жағдай ауа көшушілердің арасында өлім-жітімнің артуына және әртүрлі эпидемиялық аурулардың таралуына әкелді, сонымен қатар теміржол станцияларында күрделі жағдай қалыптасқаны, темір жол станциясы әкімшілігінің немқұрайлы көзқарасы станцияларда жиналған ауа көшуші қазақтарға деген контрреволюциялық ұлдыержавалық шовинизмнің айқын көрінісімен қабысатыны берілген.

Осыны негізге алған ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесі қаулысында Алматы және Оңтүстік Қазақстан Облыстық атқару комитеттеріне тез арада үш күндік мерзімде ауа көшушілерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп тұрған тамақтану пункттерінде асханаларды дереу ұйымдастыру, Үштөбе, Отар және Луговой станцияларында асханасы бар тамақтану пункттерін қосымша ұйымдастыру қажет деп санауды тапсыру, сонымен бірге асханаларды ұйымдастыруға және қажетті өнімдерді (ет, балық, көкөністер) сатып алуға байланысты шығындарға 20000 рубль және 10000 рубль Оңтүстік Қазақ-стан Облыстық атқару комитетіне, 10000 рубльді Алматы облыстық атқару комитеттеріне жіберуді, осы Облыстық атқару комитеттерін осы мәселеге облыстық бюджеттен бір мезгілде бірдей мөлшерде бөлуді міндеттейді.

Денсаулық сақтау Халық Комиссариатына, жекелей Козлов жолдасқа келесі пункттердегі станция-ларда табылған науқас ауа көшушілерді емдеуді ұйымдастыру үшін дереу арнайы стационарлық барак-тарды ұйымдастыру тапсырылады, олар: 1) Арыс 2) Алматы 3) Луговое 4) Үштөбе 5) Аягөз.

Сондай-ақ Денсаулық сақтау Халық Комиссариатына қосалқы темір жол станцияларындағы ауа көшушілердің толып жиналған жерлерінде медпункттер ұйымдастыру, облыстық атқару комитеттерінің өкілдеріне ауа көшушілерді орналастыруды ұйымдастыруда жан-жақты көмек көрсету туралы Түрксіб басқармасына Түрксібтің бүкіл желісі бойынша нұсқаулар беру тапсырылады [22,4-п.].

Өзбекстан жеріндегі қазақтарды елге қайтару жұмысын Қазақстанның Халық Комиссарлары Советі төрағасының орынбасары Ұ.Құлымбетов басқарды. Оның басшылығымен қазақстандық үгітшілер, бос-қындарды елге қайтқан жағдайда қажетті жағдайлар жасалатыны айтылған қазақ үкіметінің қарарымен босқындарды таныстырумен болды. Құлымбетов Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің секре-тариатын 1933 жылдың ақпан айында, осы жылдың 1 мамырына дейін Өзбекстандағы барлық баспанасыз балаларды алып кетеміз деп сендірді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Ташкентке жақын қазақ аудан-дарында 1.000 адамды орналастыра алатын 3 балалар үйі ашылды. Бірақ Өзбекстандағы жетім балалар бұл саннан әлдеқайда көп болғандықтан, балаларды алып кетуді біртіндеп орындауға тура келді. Өзбекстан жерінде қазақ балаларына арналған уақытша бірнеше балалар үйі ашылады [12, 148].

1934 жылы наурыз айындағы мәлімет бойынша сол кезде ауакөшуші қазақтардың көп бөлігі Қарақалпақ АКСР-де өмір сүріп, 4837 шаруашылық болған. Олардың ішінде 2696 шаруа қожалығы ауыл шаруашылығына орналасады. РКФСР ХКК-і қарақалпақ жеріндегі ауакөшуші қазақтардың шаруа кожа-лықтарын барлық мемлекеттік салықтар мен мемлекеттік заттай жеткізілімдерден (ет, астық) 1934 жылдан 1935 жылдарда екі жыл мерзімде босатуды сұранады. Бұл қожалықтарды нығайту мақсатындағы жасалуы тиіс бірқатар іс-шаралардың қажеттілігін көрсетеді [19].

Облыстар мен өлкелер бойынша бригадалар жасақталып, ауа көшкен қазақтардың қайта оралуларын жүзеге асырып, елге келулері үшін әрекеттер жасалады, арнайы іс-сапарлар да

ұйымдастырылады. Мысалы Түркіменстан, Қарақалпақстан, Қырғыз жеріне, Орынбор мен Паволжьеге, сондай-ақ Сібірге баруды мақсат тұтқан бригадалармен қатар Тәжікстан мен Өзбекстанға да бару жоспарланды [11, 2-п.].

Осы кезеңдерде Өзбекстан жеріне ауа көшіп барған қазақтар қолында біршама малы бар шаруа қожалықтарына ие болды. Архив деректерінде 1936 жылы Жер шаруашылығы Халық Комиссарлар өкілеттігінің мәліметі берілген.

№ 2-кесте. Өзбекстандағы қазақ шаруа қожалықтары [11, 5-п.]

№	Ауа көшуші-қазақтардың орналасқан жерлері	Ауа көшкен аудандары	Шаруашылықтар саны	Ескерту
1.	Қашқадария округі	Қызылорда, Қазалы, Қармақшы, Әулие ата, Шу, Арыс, Түркістан, Жаңақорған және т.б.	1250	Басым көпшілігі бұрынғы көшкен жерлеріндегі өздерінің аудандарына қоныс аударуға ниет білдіреді. Бұл шаруа қожалықтарында 30-35% шамасында малы болды.
2.	Сурхандария округы	Қарсақпай, Қазалы, Жаңақорған, Қызылорда.	600	35-40% шамасындағы малға ие (оның ішінде негізінен түйелер)
3.	Наманган округы	Оңтүстік облыс	68	418 шаруа қожалықтарынан Қазақстанға көшу туралы өтініштері бар, бірақ іс жүзінде бұл аймақтарда тұратындардың саны одан да көп
4.	Қоқан округы	Оңтүстік облыс	130	
5.	Әндіжан округы	Оңтүстік облыс	220	
6.	Піскент, Жантақ, Аққорған, Жоғарғы Шыршықаудандары	Оңтүстік облыс	1500	Ташкент қаласына жақын жерде орналасқан, шамамен 30 % малға ие(түйелер)

Өзбекстан жерінен қайта оралған ауа көшушілерді оңтүстік өлкеге орналастыру жұмыстары қарқынды жүзеге аса бастаған.

«Оңтүстік Қазақстан Облыстық Атқару Комитеті Президиумының Қаратас ауданындағы «Жұма» атты жерінде уақытша тұрып жатқан оралушылардың 60 шаруа қожалығын орналастыру туралы 1936 жылдың 20-ақпанындағы № 151 Қаулысында (Облыстық Атқару Комитеті Төрағасының орынбасары Орумбаев, Жауапты хатшы Кужбанов) олардың 1935 жылы қазан айында Өзбекстаннан оралған ауа көшушілердің Қарсақпай ауданынан барғандар екені айтылған. Облыстық Атқару Комитеті аталған шаруа қожалығы өкілдерінің сұраныстарын қанағаттандырып, оларды Арыс ауданына орналастыруға рұқсат беруді, бұл шаруа қожалықтарын ауданның қабылдауға мүмкіндіктері бар «Октябрь», «Жаңа жол», «Қызыл әскер», «Мақташы» және «Исаев» колхоздарының біріне көшіріп алып келуді ұсынады [21,15-п.]».

1935 жылғы желтоқсан айында Жер шаруашылығы Халық комиссариатының отырықшы және қоныстану бөлімі Қазақстаннан шет жерлерде орналасқан қазақ шаруа қожалықтары мен Қазақстан аудандарына қоныс аударуға ынта білдіріп, келгісі келетіндер және осындай ауа көшу бойынша хат алма-су туралы мәлімет берген. Бұл жерде қазақтардың туған жерлеріне қайта оралуы бойынша жүргізілетін іс-шаралар қатарында қоныстанушылар үшін ауыл шаруашылығы салығынан босату сияқты жеңілдіктер болғаны айтылады. Облыстар мен өлкеде Қазақстанға қайта оралатын қазақтарға барлық қоғамдасты-рылған мүлкімен, үлестік жарнасымен қайтаруды міндеттейтін шешім шығару, қоныстанатын шаруа қожалықтарына шаруашылық орналастыру және мал алу бойынша бағытталған шараларды жүзеге асыру жоспарланады [11,1-п.]».

Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ орналастыруға кететін шығындардың орнын толтыру мақсатында белгілі көлемде арнайы қаржы бөліп отырды. Мысалы «1936 жылы 14 ақпандағы ҚАКСР Халық комиссарлар Кеңесінің № 123 – қаулысында Оңтүстік Қазақстан облысының Талас ауданына Өзбекстаннан келген 375 шаруашылық санындағы оралушыларды орналастыру бойынша ұйымдастыру-шылық шығынға Мирзоян қаласынан 15.000 рубль қаржы бөлініп, сондай-ақ Орта Азиядан келген 110 шаруашылықты Келес ауданына бастапқы орналастыру және ұйымдастырушылық шығын үшін 20.000 рубль, Сайрам ауданының мақталық колхозына 80 шаруашылықты аударып орналастыруға 8000 рубль және 37 шаруашылықты Қазалы ауданына орналастыру үшін 8000 рубль,

оралушылардың 300 шаруашы-лықты Қызылқұм ауданына орналастыруға 10000 рубль қаржы бөлу жөнінде қаулы қабылдайды [21,29-п.]».

Осындай істердің қатарында совхозға жұмысшы күшін тарту бойынша қабылданған БКПб Оңтүстік Қазақстан Обком Бюросының 1933 жылдың 8 қыркүйегіндегі шешімінде Ташкентке қызметкер жіберу және Өзбекстаннан Қазақстанға жіберілетін барлық ауа көшушілерді ұстай тұру немесе Сырдария станциясына қайтарып, совхозға жіберу сияқты міндетті шаруалар жазылған. Мысалы Пахта-Арал және Қызылқұм аудандық комитеттеріне және «Пахта-Арал» кеңшарының дирекциясына осы аудандардың маңайында орналасқан барлық ауа көшушілерді мақта жинауға жалдап пайдалану ұсынылады [22,265-п.]

Ауа көшушілерді орналастыру бойынша Үштік төрағасы Құдайқұловтың Шымкент қалалық Кеңес төрағасы Сейтбек Кенбаевқа баяндалған жазбасында ауа көшушілердің жағдайы туралы Өзбекстаннан 35 шаруашылық келгені, олардың тұрғылықты жері Шаян ауданы, кейбір бөлігі Ленгер ауданында болып табылатыны берілген [21,14-п.]

1936 жылы 1935 жылдағы сияқты қайта оралған шаруа қожалықтарының үлкен саны Өзбек КСР-нен келгендерді құрап, олар Пахта-Арал, Қызылқұм, Келес, Қаратас, Арыс, Шымкент, Шәуілдір, Қызылорда, Қармақшы, Ленгер аудандарына, Қырғыз жерінен келгендер Меркі, Мирзоян, Сарысу, Талас, Сайрам аудандарына орналасты. Ал Қарақалпақтан оралған ауа көшушілер Қазалы ауданына келіп орналасты [21,2-п.]

1933 жылдан кейінгі кезеңде өз жерлеріне оралған ауа көшкендер 400 мыңнан асады, оларды колхоз-дарға орналастыру мүмкіндіктері жасалды. Бірақ 1937-38 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге байланысты ауа көшкендерді туған жерге қайтару істері тоқтап қалады. Шет жерлерден түгел қайтпай, атамекеніне келе алмай қалған қазақ ұлтының өкілдері көп болды.

Қорытынды. XX ғасырдың 20-30-жылдары миграциялық қозғалыстарға толы болды. Ұжымдастыру мен оның салдарлары әсіресе қазақ халқы санының кемуіне қатты әсер етіп, демографиялық дағдарысқа ұрындырды. Мұндай еркіндік қағидаларын бұзуға, саяси қысымға негізделген мал-мүліктерін күшпен тартып алу, халықты ұжымшарларға мәжбүрлі түрде тездетіп қосу сияқты жағдайда қарсылық көрсету түрлерінің бірі ретінде Қазақстаннан тыс жерлерге, оның ішінде Өзбекстанға ауа көшу белең алды. Ашаршылық басталғанда босқыншылық арта түсті. Осы уақыттарда оларды елге қайтару ісі күн тәртібіне өткір мәселе болып қойылды.

Аталған жылдар Қазақстандағы күрделі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарымен күресе отырып, жергілікті халыққа және сырт елдерден елге оралған қазақтарға жағдай жасау мәселелерін күн тәртібіне қойған, оларды өз Отанында өмір сүруіне ықпал жасаған кезең еді. Қазақ Өлкелік комитетінің тапсырма-сымен ауа көшуді жою және оралған қазақтарды шаруа қожалығына орналастыру бойынша атқарылған ауқымды істер халықты отырықшыландырудағы маңызды шаралардың біріне айналды.

Дәстүрлі қазақ қоғамының іргесін шайқалтқан 20-30 жылдардағы реформалардың ауыр салдарларының бірі ретінде туған жерін тастап ауа көшушіліктің мәселелері соғысқа дейінгі жылдары толықтай шешімін таба қойған жоқ. Ауа көшушілерді елге қайтару мәселесі 1960 жылдары қайтадан өз жалғасын тапқанымен биліктің ұстанған саясатының жартыкештігінен миллиондаған ауа көшушілер туған жеріне орала алмады. Халқымыздың генофондын сақтап қалуға аса елеулі факторға айналған ауа көшушілер мәселесі тәуелсіздік жылдары да толық шешімін таба алмады. Алдағы уақытта үкіметтің тарапынан қандастарымыздың туған Отанына оралуын қамтамасыз ету - саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтаумен біргесаяси қуғын-сүргіннің зардаптарын жоюға қызмет ететін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Козыбаев М.К. *История и современность*. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – С. 254
2. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. *Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства*. – Алма-Ата, 1992 г.
3. Омарбеков Т. *Зобалаң: (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929-1931 жылдары болған халық көтерілістері)*. – Алматы: Санат, 1994. -272 б.,
4. Омарбеков Т. *1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу*. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 б.
5. Омарбеков Т. *Ашаршылық*. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – Б.14, 15.
6. Тәтімов М. *Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған?)*. – Алматы: Қазақстан – Атамұра, 1993. – 160 б., Татимов М.Б. *Социальная обусловленность демографических процессов*. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 128 с.

7. Б. Қалибаева. *XX ғ. 20-50 жж. Орта Азиядағы қазақтардың қалыптасу тарихындағы саяси-әлеуметтік факторлар. Отан тарихы № 4 (92) 2020.* – Б. 96
8. Дэвис Р., Уиткрофт С. *Годы голода: Сельское хозяйство СССР, 1931-1933 / Р.Дэвис, С.Уиткрофт; [пер. С англ. О.Ю. Вздорик; под ред. Л.Ю. Пантиной.]. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011.* – С. 416.
9. Сара Камерон. «Аштық жайлаған дала» Ашаршылық, Озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. *Print House Gerona баспаханасында басылған 2020. Ағылшын тілінен аударған Сәуле Батаева, Зәуре Батаева.*
10. Верхотуров Д.Н. «Казакский геноцид», которого не было. ООО «Издательство Родина», 2021. –С.144
11. ҚР ОМА 30-қ. 2-тіз. 162-іс. 59-п., 1179-қ. 1-тіз. 18-іс. 8-п., 5-тіз. 3-іс, 104, 76-пп., 5-қ. 16-т. 365-іс. 2, 5, 1-пп.
12. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. *Тарих тағылымы не дейді?* – Алматы: Ана тілі, 1993. ББ.136, 147, 148.
- 13.Татимов М.Б. *Демографические последствия перегибов в коллективизации: «белые пятна» в исторической демографии Казахстана. Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы.* – Алма-Ата: Гылым, 1990. – С.108
14. Р. Оразов. Қазақ қалай босқынға айналды? <https://www.astana-akshamy.kz/qazaq-qalaj-bosqyngha-ajaldy-2/> Қаралған мерзімі: 27.08.2022 ж.
15. ҚР ОМА 30-қ. 2-тіз. 162-іс. 59-п., 1179-қ. 1-тіз. 18-іс. 8-п., 5-тіз. 3-іс, 104, 76-пп., 5-қ. 16-т. 365-іс. 2, 5, 1-пп.
16. РМӘСТА 17-қ. 3-тіз. 914-іс. 9-п.
17. ҚР ПА 141-қ. 1-тіз. 6545 сақт.бірл. 4-п.
18. Ром Я.М., Ряднин М.С. *Всеказакстанское дело Казпартиздат.* – Алма-Ата-1934. – СС.49, 51
- 19.РФМА 5446-қ. 15-тіз. 851-іс, 857-іс.
20. Акимбеков С. *Казахи между революцией и голодом.* – Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2021. – С. 457
21. ТОМА 121-қ. 1-тіз. 297-іс. 1 п., 249-қ. 1-тіз. 105-іс. 15-п.,74-қ. 1-тіз. 297-іс. 29-п., 121-қ. 1-тіз. 195-іс. 14-п., 240-қ. 2-тіз. 114-іс. 2-п.
22. ТОҚСТМА 40-қ. 1-тіз. 456-іс. 43-п., 204-іс. 112-п., 227-іс. 4-п.,203-іс, 265-п.

References:

- 1.Kozybaev M.K. *İstoria i sovremenöst.* – Alma-Ata: Gylym, 1991. – S. 254
- 2.Kozybaev M.K., Abylhojin J.B., Aldajumanov K.S. *Kolektivizatsia v Kazahstane: tragedia krestänstva Alma-Ata, 1992 g.*
- 3.Omarbekov T. *Zobalañ: (Küştep üjymdastyruğa qarsylyq. 1929-1931 jyldary bolğan halyq köterilisteri).* -Almaty: Sanat, 1994. – 272 b.,
4. Omarbekov T. *1929-1931 jyldardaғы halyq köterilisteri: Zertteu.* – Almaty: «Arys» baspasy, 2018. - 480 b.
5. Omarbekov T. *Aşarsylyq.* – Almaty: «Arys» baspasy, 2019. ББ.14, 15.
- 6.Тәтүмов М. *Qazaq әlemi (Qazaqtyñ sany qanşa? Qazaq qaşan, qaidan quylğan, qyrylğan және atylğan?)* – Almaty: Qazaqstan – Atamūra, 1993. – 160 b., Tatimov M.B. *Sosiálnaia obuslovlennöst demograficheskikh prosesov.* - Alma-Ata: Nauka, 1989. – 128 s.
7. Б. Қалшабаева. *HH ғ. 20-50 жж. Орта Азиядағы қазақтардың қалыптасу тарихындағы саяси-әлеуметтік факторлар. Отан тарихы № 4 (92) 2020.* Б. 96
- 8.Devis R., Uitkroft S. *Gody goloda: Selskoe hozäistvo SSSR, 1931-1933 / R. Devis, S. Uitkroft; [per. S angl. O. İu. Vzdorik; pod red. L. İu. Pantinoi.]. – М.: Rosiskaia politicheskaiia ensiklopedia (ROSPEN), 2011.* S. 416.
9. Sara Kameron. «Aştyq jailağan dala» *Aşarsylyq, Ozbyrlyq және Кеñestik Qazaqstandy ornatu.* Print House Gerona baspahanasynda basylğan 2020. Aғылшын tilinen audarğan Säüle Bataeva, Zäüre Bataeva.
10. Verhoturov D.N. «Kazahski genosid», ktorogo ne bylo. ООО «İzdatelstvo Rodina», 2021. S.144
11. QR OMA 30-q. 2-tiz. 162-is. 59-p., 1179-q. 1-tiz. 18-is. 8-p., 5-tiz. 3-is, 104, 76-pp., 5-q. 16-t. 365-is. 2, 5, 1-pp.
12. Qoigeldiev M., Omarbekov T. *Tarih tağylymy ne deidi?* – Almaty: Ana tılı, 1993. ББ.136, 147, 148.
- 13.Tatimov M.B. *Demograficheskie posledstvia peregibov v kolektivizatsii: «belye pätna» v istoricheskoi demografii Kazahstana. Kolektivizatsia selskogo hozäistva v respublikah Srednei Azii i Kazahstane: Opyt i problemy.* – Alma-Ata: Gylym, 1990. S.108

14. R. Orazov. *Qazaq qalai bosqynğa ainaldy?* <https://www.astana-akshamy.kz/qazaq-qalaj-bosqyngha-ajnalady-2/> Qaralğan merzimi: 27.08.2022 j.
15. QR OMA 30-q. 2-tiz. 162-ıs. 59-p., 1179-q. 1-tiz. 18-ıs. 8-p., 5-tiz. 3-ıs, 104, 76-pp., 5-q. 16-t. 365-ıs. 2, 5, 1-pp.
16. RMĀSTA 17-q. 3-tiz. 914-ıs. 9-p.
17. QR PA 141-q. 1-tiz. 6545 saqt.birl. 4-p.
18. Rom Īa.M., Rādnin M.S. *Vsekazakstanskoe delo Kazpartizdat Alma Ata-1934* SS.49, 51 19.RFMA 5446-q. 15-tiz. 851-ıs, 857-ıs.
20. Akimbekov S. *Kazahi mejdu revolüsiei i golodom.* – Almaty: TOO «Īnstitut Aziatskih issledovani», 2021. S. 457
21. TOMA 121-q. 1-tiz. 297-ıs. 1 p., 249-q. 1-tiz. 105-ıs. 15-p., 74-q. 1-tiz. 297-ıs. 29-p., 121-q. 1-tiz. 195-ıs. 14-p., 240-q. 2-tiz. 114-ıs. 2-p.
22. TOQSTMA 40-q. 1-tiz. 456-ıs. 43-p., 204-ıs. 112-p., 227-ıs. 4-p., 203-ıs, 265-p.